

"Бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну, қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 185 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 356 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну, қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 185 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну, қарау қағидаларында:

2-тармақтың екінші бөлігі алынып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспорты осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай ақпаратты қамтиды:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды және атауы;

2) жетекшілік ететін саладағы (аядағы) мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары;

3) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің нормативтік құқықтық негізі;

4) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің мақсаттары мен нысаналы индикаторлары немесе функциялар, өкілеттіктер мен құзыреттер туралы мәліметтерді;

5) жауапты орындаушы немесе бірлесіп орындаушы бюджеттік бағдарламалар әкімшісі болып табылатын, қызметтің күтілетін нәтижелері көрсетілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының тізбесін;

6) функцияларды, өкілеттіктер мен құзыреттерді іске асыруға жоспарланған шығыстар көлемдерінің немесе Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының қысқаша сипаттамасы.";

7-тармақта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға, іс-шаралары көрсетілмейтін мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік бағдарламаны қоспағанда, бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіштері, олардың нәтижелері мен жоспарланатын шығыстар көлемдері көрсетілген іс-шаралар.";

екінші бөлігі алынып тасталсын;

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Шығыстардың түрлері бойынша есептеулер жоспарлы кезеңнің әрбір жылына арналған шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша іс-шаралар бөлінісінде осы Қағидаларға 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 21-1, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 45-1, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 59-1, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 67-1, 68, 69, 70, 71, 71-1, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 83-1, 84, 85, 85-1, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94 және 95-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жасалады.

14. Есептеулер Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың дерекқоры ескеріле отырып жасалады. Бағалардың дерекқоры отандық маркетплейстерді қамтиды. Бағалардың дерекқорында ақпарат болмаған жағдайда кемінде 3 (үш) прайс-парақ ұсынылады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстарды есептеулер олар болған кезде бекітілген заттай нормалар және штат санының лимиттері негізінде жасалады.";

25-тармақта:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"25. 111 "Еңбек ақы төлеу" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеулер осы Қағидаларға 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 21-1-нысандарға сәйкес 01-111, 02-111, 03-111, 04-111, 05-111, 06-111, 07-111, 08-111, 09-111, 10-111, 11-111, 12-111, 13-111, 14-111, 15-111, 16-111-нысандар бойынша жасалады.";

он сегізінші және он тоғызыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"13-111-нысан әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес жасалады.

19-қосымшаның 38-бағанында қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы алатын құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдары қызметкерлерінің саны көрсетіледі, ал 19-қосымшаның 39-бағанында қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы сомасы көрсетіледі. Қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақының жалпы сомасы № 646 ҚБПУ Қаулысына сәйкес белгіленеді.";

жиырма бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"20-қосымшаның 38-бағанында қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы алатын әскери қызметшілердің саны көрсетіледі, ал 20-қосымшаның 39-бағанында қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы сомасы көрсетіледі. Қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақының жалпы сомасы № 646 ҚБПҮ Қаулысына сәйкес белгіленеді.";

мынадай мазмұндағы жиырма алтыншы және жиырма жетінші бөліктермен толықтырылсын:

"16-111-нысан әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 21-1-қосымшаға сәйкес жасалады.

21-1-қосымшаның 40-бағанында қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы алатын әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметшілерінің саны көрсетіледі, ал 21-1-қосымшаның 41-бағанында қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы сомасы көрсетіледі. Қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақының жалпы сомасы № 646 ҚБПҮ Қаулысына сәйкес белгіленеді.";

39-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"01-144 нысан бойынша шығыстарды есептеу кезінде Кодекстің 70-бабына сәйкес бекітілетін қызметтік, кезекші және арнайы автомобильдер тиістілігінің заттай нормаларын және жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті ұстауға арналған шығыстардың нормаларын олар болған кезде басшылыққа алған жөн."

41-тармақта:

төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"02-149-нысан кеңсе керек-жарақтарын сатып алу бойынша шығыстарды есептеу үшін толтырылады және осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес жасалады.";

алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өзге қорларды сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлау кезінде есепке кеңсе керек-жарақтарын қоспағанда қорлардың әрбір түрі бойынша отандық маркетплейстерден бағалар туралы кемінде 3 (үш) ұсыныс қоса беріледі.";

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"04-149-нысан шығыс материалдарын сатып алу бойынша шығыстарды есептеу үшін толтырылады және осы Қағидаларға 45-1-қосымшаға сәйкес жасалады.";

44 және 45-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"44. 01-153-нысан көлік қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 52-қосымшаға сәйкес жасалады. Алдағы жоспарлы кезеңге жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін көлікті жалға алу туралы соңғы жасалған шарттардың көшірмелері ұсынылады.

45. 01-158-нысан цифрландыру саласындағы жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 53-қосымшаға сәйкес жасалады.";

46-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"01-159-нысан ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды және басқа да негізгі құралдарды күтіп ұстау, қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу бойынша шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 54-қосымшаға сәйкес жасалады. Жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін қызметтерді көрсету, жұмыстар туралы соңғы жасалған шарттардың көшірмелері ұсынылады, шарттар болмаған жағдайда сатып алынатын көрсетілетін қызметтер мен жұмыстардың әрбір түрі бойынша отандық маркетплейстерден бағалар туралы кемінде 3 (үш) ұсыныс, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ағымдағы қаржы жылы үшін ағымдағы жөндеу бойынша ақаулы акт және сметалық құжаттама қоса беріледі. Ағымдағы жөндеуде орындалатын жұмыстардың тізбесін жасау кезінде ғимараттарды ағымдағы және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстардың тізбесі көзделген бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормаларын басшылыққа алған жөн.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. 03-159-нысан үй-жай үшін жалдау ақысын төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 56-қосымшаға сәйкес жасалады. Жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың дерекқорын ескере отырып, үй-жайлар мен ғимараттарды жалдау туралы соңғы жасалған шарттардың көшірмелері және (немесе) кемінде 3 (үш) баға ұсынысы ұсынылады. Жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері ағымдағы қаржы жылына арналған үй-жайлар мен ғимараттарды жалға алу туралы шарттарының көшірмелерін ұсынады. Шарттар болмаған жағдайда кемінде 3 (үш) прайс-парақтар не болатын елдің маркетплейстерінен баға ұсыныстары қоса беріледі.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. 01-166-нысан мемлекеттік мекемелер саяси партиялардың қызметіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеу үшін толтырылады және осы Қағидаларға 59-қосымшаға сәйкес жасалады.

02-166-нысанды мемлекеттік мекемелер сайлауға ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеу үшін толтырады және осы Қағидаларға 59-1-қосымшаға сәйкес жасалады.";

53-тармақта:

алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыстар түрлері бойынша 133, 163, 164, 165, 322, 323, 531, 541, 621, 812, 813, 814 және 815 есептеулер осы Қағидаларға 67-қосымшаға сәйкес жасалады.";

оныншы, он бірінші және он екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыстар түрлері бойынша 167, 332, 519, 521, 714 және 715 есептеулер ерікті нысанда жасалады.

Негізгі құралдарды сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлау кезінде есептеуге негізгі құралдардың әрбір түрі бойынша отандық маркетплейстерден бағалар туралы кемінде 3 (үш) ұсыныс қоса беріледі.

Сонымен қатар, негізгі құралдарды сатып алуға арналған есептеулерге (410-кіші сынып бойынша) олардың нақты болуы туралы ақпаратты (сатып алу жылы мен тозу мерзімі көрсетіле отырып, теңгерімде есепте тұрған) және үш жылдық кезеңге арналған жоспарды ұсыну қажет.";

он төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"421, 423 және 435 ерекшеліктер бойынша міндетті түрде есептеу кезінде мемлекеттік мекемелер жобалау-сметалық құжаттамаға және жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) құнын негіздейтін құжаттарға мемлекеттік сараптаманың немесе ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысын ұсынады, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы ережелерде өзгеше көзделмесе, ал қорларды сатып алуға арналған есептеуге ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша мемлекеттік мекеменің теңгерімінде есепте тұрған қорлар қалдықтарының нақты болуы туралы ақпаратты және ағымдағы жылдың жоспарын ұсынады.";

он жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өкілдік шығындарға арналған шығыстарды жоспарлау кезінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 20 мамырдағы № 11-1-4/290 бұйрығымен бекітілген "Өкілдік шығындар" бөлінетін бюджеттік бағдарламасын бөлу қағидаларының нормаларын және облыстың жергілікті атқарушы органдары бекіткен өкілдік шығындарға көзделген қаражатты пайдалану тәртібі мен өкілдік шығындардың нормаларын басшылыққа алған жөн.";

мынадай мазмұндағы он тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

"01-321-нысан 321 "Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне және әскери қызметшілерге төленетін тұрғын үй төлемдері" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 67-1-қосымшаға сәйкес жасалады.";

54-тармақтың төртінші бөлігінің бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлау кезінде соңғы жасалған шарттардың көшірмелері қоса беріледі.";

мынадай мамұндағы 54-1-тармақпен толықтырылсын:

"54-1. 01-371-нысан 371 "Білім беру гранты" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 71-1-қосымшаға сәйкес жасалады.";

64 және 65-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"64. 01-414-нысан есептеу және басқа жабдықтарды сатып алу бойынша шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 79-қосымшаға сәйкес жасалады . Есептеу жабдығын сатып алу қажеттілігі енгізілетін немесе көбейтілетін ақпараттық жобалардың талаптары мен мерзімдеріне не жабдықтың физикалық немесе моральдық тозу себептеріне, сондай-ақ бар болған жағдайда бекітілген заттай нормаларға негізделуі тиіс.

02-414-нысанды мемлекеттік органдардың кеңсе жиһазын сатып алуға арналған шығыстарын есептеу үшін мемлекеттік органдар жасайды және осы Қағидаларға 80-қосымшаға сәйкес жасалады.

Есептеуді жасау кезінде "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығына сәйкес кеңсе жиһазын сатып алуға арналған норматив және тозу нормалары қолданылады.

65. 01-416-нысан материалдық емес активтерді сатып алу шығындарын есептеуге арналған және осы Қағидаларға 81-қосымшаға сәйкес жасалады.";

66-тармақтың оныншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"312 "Мемлекеттік кәсіпорындар болып табылмайтын заңды тұлғаларға субсидиялар" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеу кезінде 83-1-қосымша қолданылады.";

68-тармақтың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"...жоспарлы кезең басталғанға дейін қаржыландыру" деген 4-бағанда жобаға бөлінген қаражат, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен;"

69-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"69. Бюджеттік сұранымның құрамына ағымдағы нысаналы трансферттерді және бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған бюджеттік кредиттерді қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік кредиттерді енгізген бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері өңірлер мен бағыттар бөлінісінде ағымдағы нысаналы трансферттерді және бюджеттік кредиттерді бөлуді осы Қағидаларға 85 және 85-1-қосымшаларға сәйкес ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 73-1-тармақпен толықтырылсын:

"73-1. 168 "Айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және басқа төлемдер" және 169 "Өзге де ағымдағы шығындар" ерекшеліктері бойынша шығыстарды есептеу осы Қағидаларға 91-қосымшаға сәйкес жасалады.";

77-тармақта:

10) және 11) тармақшалар алынып тасталсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2025 жылғы 28 маусымдағы № 59 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларына сәйкес нысан бойынша заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асырылған, іске асырылып жатқан және іске асырылуы жоспарланған, іске асырылуы жоспарланып отырған инвестициялық жобалар туралы ақпарат";

19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"19) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік кредиттеу арқылы іске асыруға ұсынып отырған бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік кредиттеудің орындылығы туралы бюджеттік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын";

25) тармақшасы алынып тасталсын;

84 және 85-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"84. Ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік сұранымдарын орталық уәкілетті органға ұсынады, бұдан әрі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде бюджеттік сұранымдарды қарайды, олар бойынша қорытындылар дайындайды және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті түзету кезінде республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері осы Қағидаларға 93, 94 және 95-қосымшаларға сәйкес жиынтық ақпаратты бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады, одан әрі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде есеп-қисаптарды қарайды, олар бойынша қорытындылар дайындайды және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Бұл ретте, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаражатын қайта қарастыру кезінде жалпы сома азайған жағдайда түсіндірме жазба ғана ұсынылады, ал қосымша қаражат бөлінген жағдайда осы Қағидалармен көзделген есеп-қисаптардың нысандары ұсынылады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Республикалық бюджет комиссиясының ұсынысын ескере отырып, Республикалық бюджет комиссиясының

отырысынан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға түпкілікті бюджеттік сұранымдарды және бюджеттік бағдарлама паспорттарымен бірге есеп-қисаптардың нысандарын ұсынады.

85. Ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті нақтылау кезінде жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік сұранымдарын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады, одан әрі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде бюджеттік сұранымдарды қарайды, олар бойынша қорытындылар дайындайды және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі аппаратының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті түзету кезінде жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері осы Қағидаларға 93, 94 және 95-қосымшаларға сәйкес жиынтық ақпаратты мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады, одан әрі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде есеп-қисаптарды қарайды, олар бойынша қорытындылар дайындайды және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі аппаратының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Бұл ретте, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаражатын қайта қарастыру кезінде жалпы сома азайған жағдайда түсіндірме жазба ғана ұсынылады, ал қосымша қаражат бөлінген жағдайда осы Қағидалармен көзделген есеп-қисаптардың нысандары ұсынылады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі аппаратының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының ұсынысын ескере отырып, бюджет комиссиясының отырысынан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға түпкілікті бюджеттік сұранымдарды және бюджеттік бағдарлама паспорттарымен бірге есеп-қисаптардың нысандарын ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 85-1-тармақпен толықтырылсын:

"85-1. Ағымдағы қаржы жылына арналған бюджетті нақтылау және (немесе) түзету кезінде осы Қағидалармен белгіленген мерзімдерді бұза отырып ұсынылған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік сұранымдары қабылданбайды.";

87-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"87. Бюджетті нақтылау кезінде, бюджетті түзетуге байланысты тиісті бюджеттік бағдарламаларды біріктіру, бөлу, қысқарту (ұлғайту), беру кезінде бюджет қаражаты жаңа бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінген жағдайда, мемлекеттік органдар мен оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер құрылған, таратылған, қайта

ұйымдастырылған, қаржыландыру көлемі өзгере отырып, функциялары мен штат санының лимиттері өзгерген жағдайларда бюджеттік сұранымды әзірлеу осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

95-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"95. Бюджеттік бағдарламалардың парспорттарына бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бастамасы бойынша бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың жылдық көлемін өзгертпей мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдардың келісімінсіз немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның келісуі бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 328 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдерімен, қазынашылық есепке алу және мониторинг рәсімдерімен көзделген жағдайларда өзгерістер енгізіледі.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларға өз бастамасы бойынша өзгерістер енгізген кезде 3 (үш) жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарламалардың паспортына қол қойылған өзгерістерді тиісінше бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға хабарлама тәртібімен жібереді.";

осы қағидаларға 1-қосымша алынып тасталсын;

көрсетілген Қағидаларға 2, 3 және 4-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы қағидаларға 5-қосымша алынып тасталсын;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 18, 19 және 20-қосымшалар осы бұйрыққа 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 21-1-қосымша осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 22 және 23-қосымшалар осы бұйрыққа 9 және 10-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 45-қосымша осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 45-1-қосымша осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 51-қосымша осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 53-қосымша осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 55-қосымша осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 58 және 59-қосымшалар осы бұйрыққа 16 және 17-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 59-1-қосымша осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 61-қосымша осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 67-1-қосымша осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 71-1-қосымша осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 77, 78 және 79-қосымшалар осы бұйрыққа 22, 23 және 24-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 81-қосымша осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 83-1-қосымша осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 84-қосымша осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 85-1-қосымша осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 90 және 91-қосымшалар осы бұйрыққа 29 және 30-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 31, 32 және 33-қосымшаларға сәйкес 93, 94 және 95-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік процесс әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап күшіне енетін осы бұйрықтың 1-тармағының қырық үшінші және жүз он төртінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2026 жылғы 1 маусымдағы
№ 356 бұйрығына
1-қосымша
Бюджеттік сұранымды
жасау, ұсыну, қарау
қағидаларына
2-қосымша
_____ нысан

**Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспорты Бюджеттік бағдарламалар
әкімшісінің коды және атауы ____ - ____ жылдарға**

1. Жетекшілік ететін саладағы (аядағы) мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары;
2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің нормативтік-құқықтық негізі;
3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің мақсаттары мен нысаналы индикаторлары немесе функциялары, өкілеттіктері мен құзыреттері туралы мәліметтер;
4. Жауапты орындаушы немесе бірлесіп орындаушы бюджеттік бағдарламалар әкімшісі болып табылатын, қызметтің күтілетін нәтижелері көрсетілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының тізбесін;
5. Функцияларды, өкілеттіктер мен құзыреттерді іске асыруға жоспарланған шығыстар көлемдерінің немесе Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының қысқаша сипаттамасы.

Орталық атқарушы органның аппарат басшысы/мемлекеттік мекеме басшысы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Бас бухгалтер/қаржы-экономикалық бөлімінің бастығы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Ескертпе:

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспорты осы нысанға қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспортын толтыру жөніндегі түсіндірмелерге сәйкес толтырылады.

Бюджеттік бағдарламалар
әкімшісі қызметінің
паспортының нысанына
қосымша

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі қызметінің паспортын толтыру жөніндегі түсіндірмелер

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспорты мынадай талаптарға сәйкес жасалады:

"Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды және атауы" деген жолда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің толық атауы және бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес оның коды көрсетіледі;

ағымдағы қаржы жылынан кейінгі үш қаржы жылы жоспарлы кезең болып табылады;

1) "Жетекшілік ететін саладағы (аядағы) мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары" деген жолда саясаты жетекшілік ететін салаға немесе қызмет саласына бағдарланған және бағытталған елдің орнықты даму басымдықтарына сәйкес келетін ақпарат көрсетіледі;

2) "Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қызметінің нормативтік құқықтық негізі" деген жолда осы бюджеттік бағдарлама шеңберінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жүзеге асыратын, сондай-ақ осы бюджеттік бағдарламаның қажеттілігін негіздейтін мемлекеттік функциялар мен өкілеттіктерді айқындайтын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің тақырыптары, қабылданған күндері және тіркеу нөмірлері көрсетіледі.

Бұл ретте нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық элементтері көрсетіледі;

3) "Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің мақсаттары мен нысаналы индикаторлары немесе функциялары, өкілеттіктері мен құзыреттері туралы мәліметтер" деген жолда жоғары тұрған құжаттардан немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған функцияларды, өкілеттіктер мен құзыреттерді іске асырудан, қызмет бағыттарынан туындайтын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің мақсаттары мен нысаналы индикаторлары көрсетіледі;

4) "Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, қызмет нәтижелерін көрсете отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттардың тізбесі" деген жолда қызметтің күтілетін нәтижелерін көрсете отырып, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жауапты орындаушы немесе бірлесіп орындаушы болып табылатын мемлекеттік жоспарлау жүйесі бойынша туындайтын жоғары тұрған, ұзақ мерзімді, құжаттардан декомпозицияланатын құжаттардың тізбесі көрсетіледі;

5) "Функцияларды, өкілеттіктер мен құзыреттерді іске асыруға жоспарланған шығыстар көлемдерінің немесе Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының қысқаша сипаттамасы" деген жолда бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша шығыстардың жалпы сомасы мың теңгемен көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2026 жылғы 1 маусымдағы
№ 356 бұйрығына
2-қосымша
Бюджеттік сұранымды
жасау, ұсыну, қарау
қағидаларына

Бюджеттік бағдарламалардың паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпарат
Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды және атауы Жоспарлы кезең 20__-20__ жылдар

мың теңге

Көрсеткіштердің атауы	Факт 20__ж	Ағымдағы 20__ жылдың жоспары		Жоспарлы кезең		
		Бекітілген	Нақтыланған	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
Жоғары тұрған құжаттардан туындайтын нысаналы индикаторға немесе қойылған міндетке қол жеткізу үшін қажеттіліктің жалпы сомасы.						
Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстары лимиттерінің жалпы сомасы, оның ішінде:						
- тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар						
- жаңа бастамаларға арналған шығыстар						
- макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және қолданыстағы бюджеттік бағдарламалар шеңберінде						

бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын (орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктер мен құзыреттердің және көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің көлемін кеңейту) көздейтін шартсыз базалық шығыстарды ұлғайту						
- Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларын а резерв және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервін немесе жергілікті атқарушы органның резервін қалыптастыру						
Жалпы қажеттілік сомасының жеткізілген лимиттер сомасынан айырмашылығы						
Бюджеттік бағдардамалардың жалпы саны, оның ішінде:						
- ағымдағы бюджеттік						

бағдарламала р						
- бюджеттік д а м у бағдарламала ры						
Нысаналы индикаторлар дың жалпы саны						
Түпкілікті нәтижелердің жалпы саны						

Орталық атқарушы органның аппарат басшысы/мемлекеттік мекеме басшысы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Бас бухгалтер/қаржы-экономикалық бөлімінің бастығы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Ескертпе:

* - Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервті және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервін немесе жергілікті атқарушы органның резервін қалыптастыру бөлінетін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жүзеге асырады.

Бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік бағдарламалардың паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпарат осы нысанға қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалардың паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты толтыру жөніндегі түсіндірмелерге сәйкес толтырылады.

Бюджеттік бағдарламалардың
паспорттары туралы
біріктірілген жиынтық
ақпарат нысанына
қосымша

Бюджеттік бағдарламалардың паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты толтыру жөніндегі түсіндірмелер

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпарат былайша толтырылады:

1) "Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды және атауы" деген жолда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің толық атауы және бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес оның коды көрсетіледі;

ағымдағы қаржы жылынан кейінгі үш қаржы жылы жоспарлы кезең болып табылады;

2) "Көрсеткіштердің атауы" бағанында мынадай жолдар бойынша есептеуге жататын нәтижелер көрсеткіштері көрсетіледі;

3) "Жоғары тұрған құжаттардан туындайтын нысаналы индикаторға немесе қойылған міндетке қол жеткізу үшін қажеттіліктің жалпы сомасы" деген жолда жоғары тұрған құжаттарға сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің барлық нысаналы индикаторларына, міндеттеріне сәйкес түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін қажеттіліктің қажетті жалпы сомасы көрсетіледі;

4) "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстары лимиттерінің жалпы сомасы" деген жолда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті орган үш жылға жеткізген шығыстар лимиттерінің сомасы көрсетіледі;

5) "Тұрақты сипаттағы сөзсіз базалық шығыстар" деген жолда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті орган бекіткен шығыстардың қалыптастырылған тізбесіне сәйкес ақша қаражатын өзгертуді талап етпейтін тұрақты сипаттағы шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) "Жаңа бастамаларға арналған шығыстар" деген жолда тұрақты сипаттағы базалық шығыстарға кірмейтін шығыстардың жаңадан енгізілген, өзекті бағыттарына бағытталған шығыстар сомасы көрсетіледі;

7) "Макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және қолданыстағы бюджеттік бағдарламалар шеңберінде бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын (орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктер мен құзыреттердің және көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің көлемін кеңейту) көздейтін шартсыз базалық шығыстарды ұлғайту" деген жолда макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және қолданыстағы бюджеттік бағдарламалар шеңберінде бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын (орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктер мен құзыреттердің және көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің көлемін кеңейту) көздейтін шартсыз базалық шығыстарды ұлғайтуға қажетті шығыстар көрсетіледі;

8) "Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервті және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервін немесе жергілікті атқарушы органның резервін қалыптастыру" деген жолда Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасы бойынша және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен немесе жергілікті атқарушы органның резервінен көзделген қаражат көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына резерв және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервін немесе жергілікті атқарушы органның резервін қалыптастыруды бөлінетін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жүзеге асырады.

9) "Жеткізілген лимиттер сомасынан жалпы қажеттілік сомасының айырмасы" деген жолда бөлінген шығыстар лимиттерінің жалпы сомасынан қажетті қажеттіліктің ауытқу, толық қаржыландырылмау сомасы көрсетіледі;

10) "Бюджеттік бағдарламалардың жалпы саны" деген жолда бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі әзірлейтін бюджеттік бағдарламалардың саны көрсетіледі;

11) "Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар" деген жолда ағымдағы шығыстарға көзделген бюджеттік бағдарламалардың саны көрсетіледі;

12) "Дамуға арналған бюджеттік бағдарламалар" деген жолда дамуға арналған шығыстар көзделген бюджеттік бағдарламалардың саны көрсетіледі;

13) "Нысаналы индикаторлардың жалпы саны" деген жолда жоғары тұрған құжаттардан туындайтын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінде көзделген барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша нысаналы индикаторлардың жалпы саны көрсетіледі;

14) "Түпкілікті нәтижелердің жалпы саны" деген жолда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінде көзделген барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті нәтижелердің жалпы саны көрсетіледі.

15) "Орталық атқарушы орган аппаратының басшысы/мемлекеттік мекеменің басшысы" деген жолда тегі, аты-жөні көрсетіледі және оған орталық атқарушы орган аппаратының басшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы орган аппараты басшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адам), ал олар болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеменің басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды оларды жасауға жауапты мекемелер, ал соңғысы болмаған кезде – тиісті бұйрықтармен міндеттерді орындау жүктелген адамдар.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2026 жылғы 1 маусымдағы
№ 356 бұйрығына
3-қосымша
Бюджеттік сұранымды
жасау, ұсыну, қарау
қағидаларына
4-қосымша
_____ нысан

Бюджеттік бағдарлама паспорты Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды және атауы
Жоспарлы кезең 20__-20__ жылдар

Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы:

Мемлекеттік органдар функцияларының тізіліміне сәйкес мемлекеттік орган функциясының (функцияларының) коды мен атауы:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің коды мен атауы:

Сипаттама (негіздеме), оның ішінде ағымдағы мәртебе:

Бюджеттік бағдарламаның түрі:

мазмұнына байланысты:

мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты:

іске асыру тәсіліне байланысты:

ағымдағы/даму

Көрсеткіштер	Факт 20__ жыл	Ағымдағы 20__ жылдың жоспары		Жоспарлы кезең		
		Бекітілген	Нақтыланған	20__	20__	20__
Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметінің көрсеткіштері н белгілейтін меншікті құжаттардың нысаналы индикаторы:						
Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесі:						
Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесінің нысаналы индикаторлардан ауытқуы						
Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметінің көрсеткіштері н белгілейтін меншікті құжаттарға сәйкес						

бюджет қаражатына қажеттілік						
Жоспар						
Нысаналы индикаторларға қол жеткізу үшін жоспардың жоспарланған қаражаттан ауытқуы						

Бюджеттік бағдарламаның/кіші бағдарламаның коды мен атауы:

20 _____ жылға мың теңге

Іс-шаралар, барлығы, оның ішінде	Іс-шара көрсеткіші	Мемлекеттік жоспарлау жүйелері құжатының көрсеткіші (бар болған жағдайда)	Ауытқу (бар болған жағдайда)
----------------------------------	--------------------	---	------------------------------

20 _____ жылға мың теңге

Іс-шаралар, барлығы, оның ішінде	Іс-шара көрсеткіші	Мемлекеттік жоспарлау жүйелері құжатының көрсеткіші (бар болған жағдайда)	Ауытқу (бар болған жағдайда)
----------------------------------	--------------------	---	------------------------------

20 _____ жылға мың теңге

Іс-шаралар, барлығы, оның ішінде	Іс-шара көрсеткіші	Мемлекеттік жоспарлау жүйелері құжатының көрсеткіші (бар болған жағдайда)	Ауытқу (бар болған жағдайда)
----------------------------------	--------------------	---	------------------------------

Бюджеттік бағдарламаның басшысы

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Ескертпе:

Бюджеттік бағдарламаның паспорты осы нысанға қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар паспортын толтыру жөніндегі түсіндірмелерге сәйкес толтырылады.

Бюджеттік бағдарлама
паспортының нысанына
қосымша

Бюджеттік бағдарламалар паспортын толтыру бойынша түсіндірмелер

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының паспорты мынадай талаптарға сәйкес жасалады:

1) "бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы" деген жолда бюджеттік бағдарлама әкімшісінің толық атауы және бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес оның коды көрсетіледі;

жоспарлы кезең ағымдағы қаржы жылынан кейінгі үш қаржы жылы болып табылады;

2) "бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы" деген жолда бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы көрсетіледі;

3) "мемлекеттік орган функциясының (функцияларының) коды мен атауы (мемлекеттік органдар функцияларының тізіліміне сәйкес)" деген жолда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, сондай-ақ әкімшілік рәсімдік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік органдар функцияларының тізілімінің негізінде бекітілген мемлекеттік орган функциясының (функцияларының) коды және атауы;

4) "мемлекеттік көрсетілетін қызметтің коды мен атауы (мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес)" деген жолда Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінің негізінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің коды мен атауы көрсетіледі;

5) "Сипаттама (негіздеме), оның ішінде ағымдағы мәртебе" деген жолда бюджеттік бағдарламаны жоспарлаудың негіздері, жоспарланатын бюджет қаражатының мақсаттармен, нысаналы индикаторлармен не функциялармен, өкілеттіктермен және құзыреттермен өзара байланысы, бюджеттік бағдарлама шеңберінде жоспарланатын жобалар туралы жалпы ақпарат, бюджеттік бағдарламаны іске асырудан күтілетін әсерлер, нысаналы индикаторлардың түпкілікті нәтижелерден ауытқу көлемдері мен себептері ашылады. Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі) бюджеттік бағдарламаның мақсатына жетудің тәсілдері мен әдістерін қамтуы мүмкін және өте толық, қысқа, түсінікті, нақты және сапалы болуы тиіс;

6) "бюджеттік бағдарламаның түрі" деген жолда:

"мазмұнына қарай" жолы бойынша Кодекстің 14-бабының 1-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламаның бағыты көрсетіледі;

"мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты" деген жол бойынша басқару деңгейіне байланысты бюджеттік бағдарламаның түрі көрсетіледі;

"іске асыру тәсіліне байланысты" деген жол бойынша жеке не бөлінетін бюджеттік бағдарлама көрсетіледі;

"ағымдағы/даму" деген жол бойынша ағымдағы бюджеттік бағдарлама не бюджеттік даму бағдарламасы көрсетіледі;

7) 1-кестеде (нысаналы индикатордың көрсеткіштері):

"Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттардың нысаналы индикаторы" деген жолда нысаналы индикатордың атауы, есепті жыл алдындағы нысаналы индикатордың нақты көрсеткіші, бекітілген және нақтыланған (Бюджет кодексінің 36-бабында көзделген негіздер бойынша есепті жыл ішінде нысаналы индикатор өзгерген

жағдайда) нысаналы индикатордың көрсеткіші, жоспарлы кезеңге арналған нысаналы индикатордың көрсеткіші көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесі" деген жолда мемлекеттік органның даму жоспары немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары құжаттарының нысаналы индикаторына сапалы қол жеткізу немесе бюджеттік бағдарламаның іс-шараларын іске асыру қорытындылары бойынша қол жеткізуге тиіс жоспарланған бюджет қаражатының көлемін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған функцияларды, өкілеттіктер мен құзыреттерді іске асыру нәтижесі көрсетіледі. Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері айқын, анық және нақты болуы тиіс оның сандық көрсеткішін және оған қол жеткізудің нақты күнін (кезеңін) айқындау арқылы бюджеттік бағдарламаны іске асырудың сапалық қорытындыларын (белгілі бір уақыт аралығы үшін, жоспарлы кезеңнің соңында, жоспарлы кезеңнің жылдары бойынша бөліністе) көрсетуге тиіс.

Даму жоспарларын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттары үшін түпкілікті нәтижелер мен олардың көрсеткіштерінің тұжырымдамасы бекітілген мемлекеттік органның даму жоспарлары немесе мемлекеттік органның даму жоспарларының жобасының мақсаттары мен (немесе) нысаналы индикаторларына қол жеткізу дәрежесін сипаттауы тиіс.

Түпкілікті нәтижелер мемлекеттік органның даму жоспарларында айқындалған нысаналы индикаторларымен өзара байланысады.

Түпкілікті нәтиже нысаналы индикаторларға қол жеткізілгенін/жеткізілмегенін көрсетуге мүмкіндік беретіндей айқындалуы тиіс.

Даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттары үшін түпкілікті нәтижелер мен олардың көрсеткіштерінің тұжырымдамасы мемлекеттік орган құжаттарының нысаналы индикаторларына қол жеткізу дәрежесін немесе мемлекеттік органның функцияларын, өкілеттіктері мен құзыреттерін сапалы іске асыру деңгейін сипаттауы тиіс.

Мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттары үшін түпкілікті нәтижелер мен олардың көрсеткіштерінің тұжырымдамасы мемлекеттік органның функцияларын, өкілеттіктері мен құзыреттерін сапалы іске асыру деңгейін сипаттауы тиіс.

Түпкілікті нәтижелердің тұжырымдамасы нысаналы индикаторлардың тұжырымдамасына немесе функциялардың, өкілеттіктер мен құзыреттерінің сапалы іске асыру деңгейіне сәйкес келуі тиіс.

Түпкілікті нәтиже мен нысаналы индикаторлар мәндерінің арасындағы айырма (бар болған жағдайда) түпкілікті нәтиженің сандық көрсеткішінде көрсетілуі тиіс.

Керісінше жағдайда бюджеттік бағдарламаның сипаттамасында түпкілікті нәтиженің нысаналы индикаторға сәйкес келмеу себептері, сондай-ақ түпкілікті нәтиженің сандық көрсеткіші мен нысаналы индикатордың сандық көрсеткіші арасындағы айырманың туындау себептері баяндалады.

Түпкілікті нәтижелер абсолюттік, салыстырмалы немесе пайыздық мәндермен көрсетіледі және ақшалай түрде көрсетілмейді.

Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын тұрақты сипаттағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қызметін қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті нәтижелер олардың көрсеткіштері көрсетілмей айқындалады.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижелерінде қаржы жылында аяқталатын жобалардың саны және пайда алушылардың саны көрсетіледі.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, бөлінетін бюджеттік бағдарламаны бөлетін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасының паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижелері осы бөлінетін бюджеттік бағдарламалар есебінен қаражат алатын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасының паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлетін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері түпкілікті нәтижелерді көрсетпейді.

"Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесінің нысаналы индикаторлардан ауытқуы" деген жолда бюджеттік бағдарламаның сандық түпкілікті нәтижесі мен нысаналы индикатордың арасындағы айырма көрсетіледі;

"Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттарға сәйкес бюджет қаражатына қажеттілік" деген жолда Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін бюджет қаражатына, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттарға қажеттілік көрсетіледі;

"жоспар" деген жолда қаржыландыру көзделген сома көрсетіледі;

"Нысаналы индикаторларға қол жеткізу үшін жоспардың жоспарланған қаражаттан ауытқуы" деген жолда нысаналы индикаторларға қол жеткізу үшін жоспардың жоспарланған қаражаттан ауытқуы көрсетіледі.

1-кесте әрбір нысаналы индикаторға қатысты толтырылады.

8) "бюджеттік бағдарламаның/кіші бағдарламаның коды мен атауы" деген жолда бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджеттік бағдарламаның/кіші бағдарламаның коды мен атауы көрсетіледі;

9) 2,3,4-кестеде (бюджеттік бағдарлама бойынша іс-шаралар):

"іс-шаралар, барлығы, оның ішінде" деген бағанда бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесіне қол жеткізу үшін іске асыру керек іс-шаралардың атауы, сондай-ақ бюджеттік кіші бағдарлама бойынша көзделген шығыстардың бар сомасына барлық іс-шаралар көрсетіледі.

Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлауды көздейтін бюджеттік кіші бағдарламалардың іс-шаралары жобалар бөлінісінде, қажет болған жағдайда төмен тұрған бюджеттер бөлінісінде көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламада кіші бағдарлама жоқ болған жағдайда іс-шаралар бюджеттік бағдарлама қатысында қалаптасады;

"іс-шара көрсеткіші" деген бағанда іс-шараның іске асырылуын сипаттайтын сандық көрсеткіш көрсетіледі.

"Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатының көрсеткіші" деген бағанда бар болған жағдайда, бюджеттік бағдарламаның іс-шарасының көрсеткішіне салыстырмалы немесе ұқсас мемлекеттік органның құжатының сандық көрсеткіші көрсетіледі.

"ауытқу" деген бағанда іс-шараны сандық көрсеткіші мен нысаналы индикатордың көрсеткіші арасындағы айырмасы көрсетіледі;

"шығыстар" деген бағанда іс-шараларға арналған шығыстардың бөлінген бюджеттік сомасы көрсетіледі, ағымдағы кезеңге арналған жобалар бөлінісінде, жобалар болмаған жағдайда іс-шаралар ғана көрсетіледі;

10) "Бюджеттік бағдарламаның басшысы" деген жолда бюджеттік бағдарламаны жоспарлауды және атқаруды қамтамасыз ететін ақпаратты жасауға және оның дұрыстығына жауапты бюджеттік бағдарлама басшысының тегі, аты-жөні және лауазымы көрсетіледі.

